



140800, Павлодар облысы, Май ауданы  
Көктөбе ауылы Абылайхан көшесі, 32 тел.:  
(71838) 91-3-36 факс: (71838) 91-3-36  
[kense.@mayrayoo.edu.kz](mailto:kense.@mayrayoo.edu.kz)

140800, Павлодарская область, Майский  
район, с. Коктобе, ул. Абылайхана,32  
тел.: (71838) 91-3-36 , факс: (71838) 91-3-36  
[kense.@mayrayoo.edu.kz](mailto:kense.@mayrayoo.edu.kz)

## БҰЙРЫҚ

2026 жылғы 29 қаңтар

Көктөбе ауылы

## ПРИКАЗ

№ 1-07/ 31 НК

### 9-сынып білім алушыларының қорытынды аттестаттауын өткізуге дайындық туралы

Павлодар облысының білім беру басқармасының 2026 жылғы 23 қаңтардағы «9-сынып оқушыларының қорытынды аттестаттауын өткізуге дайындық туралы» № 2-02/41 және Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігінің 2008 жылғы 18 наурыздағы «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттау жүргізудің үлгілік ережесін бекіту туралы» № 125 бұйрықтарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1.Аудан бойынша 2025-2026 оқу жылында 9-сынып білім алушыларының қорытынды аттестаттауын (бұдан әрі қарай – ҚА) ұйымдастыру және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2.Мектеп басшылары 9-сынып білім алушыларының ҚА сұрақтары бойынша білім алушылар, педагогтер мен ата-аналар арасында ақпараттық-түсіндірме жұмыстарын ұйымдастырсын.

3.Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім бөлімінің ӘК әдіскері Г.А. Джангазинаға жүктелсін.

Бөлім басшысы



*Р. Еңсебаев*

Р. Еңсебаев

Бұйрықпен таныстырылды

Білім беру бөлімінің  
2026 жылғы 29 қаңтардағы  
№ 1-07/31 нқ бұйрығының  
1-қосымшасы

**2025-2026 оқу жылында 9-сынып білім алушыларының қорытынды аттестаттауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары**

№	Іс-шаралар атауы	Орындау мезімі	Жауапты орындаушылар
<b>I. Ақпараттық – түсіндіру жұмыстарын іске асыру</b>			
1	Аудан мектептерінде 9-сынып білім алушыларының қорытынды аттестаттаудан (ҚА) өткізу тәртібі туралы нормативтік-құқықтық құжаттармен таныстыру жұмыстарын өткізу (бұйрықтар, әдістемелік нұсқаулықтар)	Қаңтар-наурыз 2026 ж	Әдістемелік кабинет, мектеп басшылары
2	9-сынып білім алушыларының ҚА сапалы өтуін қамтамасыз ету мақсатында аудандық семинар ұйымдастыру	Кесте бойынша	Әдістемелік кабинет, мектеп басшылары
3	ҚА өткізу үшін мектепте жағдай жасау (кабинеттер, компьютер техникасын дайындау, білім алушылардың денсаулық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстарын ұйымдастыру, стендтарды ұйымдастыру)	Емтихан өткізу алдында және емтихандар аяқталғанға дейін	Мектеп басшылары
4	Емтихан материалдарын қабылдап алу және оларды талапқа сай сақтау шараларымен қамтамасыз ету	Мамыр айында кестеге сәйкес	Білім беру бөлімі, мектеп басшылары
5	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың ҚА өту үшін мектепте ерекше жағдай жасау (қажет болған жағдайда)	Мамыр айында	Мектеп басшылары
<b>I. Қорытынды аттестаттаудың негізгі ережелерімен таныстырудың іске асыру жұмыстары</b>			
<b>1. Білім алушылармен</b>			
7	ҚА негізгі талаптарымен таныстыру	Қаңтар айынан бастап ҚА аяқталғанша	Мектеп басшылары
8	Интернет ресурстар арқылы ҚА дайындығын ұйымдастыру	Қаңтар айынан бастап	Мектеп басшылары
9	Ақпараттық стендты жасақтау: - ҚА негізгі талаптары туралы; - интернет желісіндегі білім беру ресурстары туралы; - білім беруді дамытудың инновациялық орталығы тарапынан берілген тапсырмаларды орындау	Қаңтар айынан бастап ҚА аяқталғанша	Білім беру бөлімі, мектеп басшылары
10	Мектепшілік бақылау сынағын (тестілеу) өткізу;	Кестеге сәйкес	Мектеп басшылары
11	9-сынып білім алушылары арасында ҚА бойынша таңдау пәндерін анықтау үшін сауалнама өткізу. Сауалнама нәтижесін сараптау. Таңдалған пәндер тізбесіне сәйкес ҚА дайындығын өткізу	Қаңтар айынан бастап ҚА дайындық кестесіне сәйкес	Мектеп басшылары
<b>2. Ата-аналармен</b>			
12	Ата-аналар жиналысын өткізу. Шешімдерін бекіту (хаттамамен). - ҚА өткізу ережелерінің негізгі	Емтихандар басталғанға дейін	Мектеп басшылары Сынып жетекшілер

	талаптарымен таныстыру, дайындық ерекшеліктерін, интернет желісі ресурстарымен пайдалану мәселелері бойынша атап айту; - Мектепшілік бақылау сынақтарының қорытындысымен таныстыру		Психологтер
13	Ата-аналарға жекелей кеңес беру жұмыстарын өткізу (психологиялық қолдау)	Қаңтар айынан бастап	Психологтер
<b>II. Пәндік дайындық.</b>			
<b>Қорытынды аттестаттаудың дайындық барысында білім беру сапасын арттыру</b>			
14	"Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып іске асыру мақсатында 9-сынып бітірушілерімен алдын-ала қорытынды аттестаттауға байланысты жаңа үлгіде сынама емтиханға дайындық жүргізуді ұйымдастыру:  - ана тілі бойынша жазбаша емтихан (оқыту тілі бойынша) – жазбаша жұмыс (эссе);  - математикадан (алгебрадан) жазбаша емтихан;  - орыс тілінде оқытатын сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан және қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан;  - таңдау пәні (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі), ағылшын тілі, информатика) бойынша жазбаша емтихан.	Қаңтар-мамыр айлары аралығында (емтихандар басталғанға дейін)	Мектеп басшылары  Пән мұғалімдері
<b>III. Мониторинг</b>			
15	Аудандағы 9-сынып білім алушыларының ҚА дайындық талаптарын орындау жағдайын анықтау	Сәуір айында	Білім беру бөлімі Мектеп басшылары
<b>IV. Психологиялық қоладау</b>			
16	ҚА психологиялық даярлық (білім алушыларға арналған тренингтер өткізу)	Емтихан басталғанға дейін	Психологтер
17	Білім алушылармен жеке психологиялық жұмыс өткізу	Қаңтар-мамыр	Психологтер
<b>V. Қорытынды аттестаттау құжаттарын дайындау</b>			
18	2025-2026 оқу жылында 9-сынып білім алушыларының ҚА ұйымдастыру және өткізу бойынша комиссия құру туралы бұйрық шығару.	Қаңтар айында	Мектеп басшылары
19	Мектеп жанындағы емтихан, аттестаттау және апелляциялық комиссия құру	Қаңтар айынан бастап	Мектеп басшылары

20	Негізгі мектеп курсы үшін ҚА денсаулықтарымен байланысты босатылатын оқушылардың құжаттары дайындалып білім беру бөліміне тапсыру	Мамыр айында	Білім беру бөлімі Мектеп басшылары
21	Негізгі мектеп курсына ҚА мерзімінен бұрын тапсыратын оқушылардың дерек қорын құру	Мамыр айында	Білім беру бөлімі Мектеп басшылары
22	Мектептер бойынша 9-сынып оқушыларының санына сәйкес түзетілген ақпарат білім беру бөліміне тапсырылсын	1 сәуірге дейін	Мектеп басшылары
23	9-сынып білім алушыларын мерзімнен бұрын ҚА емтихан материалдарымен қамтамасыз ету (қажет болған жағдайда)	Мамыр айында	Білім беру бөлімі Мектеп басшылары
<b>ҮІ. Қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу</b>			
24	Емтихан материалдарын қабылдау және сақтау	Мамыр айында	Білім беру бөлімі Мектеп басшылары
25	Емтихан комиссия мүшелерімен нұсқаулық жүргізу	Емтихан басталғанға дейін	Білім беру бөлімі Мектеп басшылары
26	Емтихан өткізу кезінде кезекшілік ұйымдастыру	Емтихандарды өткізу күндері	Мектеп басшылары
27	Аттестаттау комиссиясының мүшелерімен нұсқаулық өткізу	Емтихандар басталғанға дейін	Мектеп басшылары
28	ҚА өткізу ережелерін сақтау	Емтихандарды өткізу күндері	Емтихан басталғанға дейін
29	Апелляция комиссия мүшелерімен нұсқаулық өткізу	Емтихан басталғанға дейін	Емтихан басталғанға дейін
30	Оқушылардың ҚА өткізу кезінде және оған дейінгі бақылау тексерісін өткізу	Сәуір-маусым айларында	Білім беру бөлімі
31	Мектептерден емтихандық және қорытынды бағалар тізімдемесін электронды түрде қабылдау	Мамыр айында	Білім беру бөлімі Мектеп басшылары
32	9-сынып оқушыларының ҚА нәтижелерін қорытындылау	Маусым айында емтихандар аяқталғаннан кейін	Мектеп басшылары